

## AISHYQ

**БАСТЫ МЕЖЕ – БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУЫ**  
3-бет

## ÁLEÝMET

**ҚАМҚОРЛЫҚ АЯСЫ КЕҢ**  
4-бет

## RÝHANI JAŃǴYRÝ

**ТІЛ ТАБИҒАТЫ ЗОРЛЫҚҚА КӨНБЕЙДІ**  
5-бет

## TIRSHILIK

**САЯЖАЙДЫ ӨРТ ШАЛМАСЫН ДЕСЕҢІЗ...**  
7-бет

# ЕЛБАСЫ АКАДЕМИЯСЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Елбасы тапсырмаларын үйлесімді жүзеге асыру мақсатында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының жанынан «Елбасы академиясы» аталатын арнайы ұйым құрылады. Академия қордың «Ел үміті» бастамасын жүзеге асырушы оператор міндетін атқармақ. Бұл туралы қордың баспасөз қызметі хабарлады.

Осыған дейін қордың атқарушы директоры Әсет Исекешев «Ел үміті» бастамасының мақсаты ел ішінде және шет елдерде тұратын талантты балалар мен жастарды анықтап, оларға жан-жақты қолдау көрсету екендігін айтқан болатын.

«Ел үміті» бастамасы аясында жаңа әдістемелік құралдар, оқыту бағдарламалары әзірленеді, тағлымдамалар ұйымдастырылып, гранттар тағайындалмақ. Бұл өз кезегінде елдің әр облысы мен республикалық маңызы бар қаласында таланттарды анықтау және қолдау жөнінде 17 орталық құрып, жобаның алғашқы кезеңінде 3000-ға жуық жас талантты қолдау бағдарламаларымен қамтуға мүмкіндік бермек.

Екі жыл ішінде қор ғылым, экономика, медиа, мәдениет, спорт, басқа да салалардың үздік 500 кәсіпкерімен тұратын пул құруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, талантты жастардың, кәсіпкерлер мен олардың педагогтерінің бірінғай қауымдастығы жасақталады. Бұл бастаманы сапалы әрі уақытылы жүзеге асыру үшін Тұңғыш Президент қоры мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып «Жол картасын» әзірледі.


Сонымен бірге, Тұңғыш Президент қоры білім беру, тұлғалық даму бағыттарындағы жекелеген қорлардың бастамаларына да қолдау көрсетпек.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

## 10 жылда тау-кен металлургия кешенінде 114 жоба іске қосылды

Соңғы 10 жылда индустриаландыру бағдарламасы аясында тау-кен металлургия кешенінде 114 жоба іске қосылған



## БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020

# РЕАГЕНТ ӨНДІРУ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛАДЫ



«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша Жезқазғанда жалпы құны 762 млн теңге болатын 18 жобаға қолдау білдірілді. Оларды жүзеге асыру нәтижесінде 205 жұмыс орны сақталып, 107 жаңа жұмыс орны ашылатын болады. Индустриалдық-инновациялық даму бағытындағы осы маңызды жобалардың бірі – «КазХимСинтез» ЖШС-ның химиялық зауыт құрылысы.

Маңызды жоба бүгінде ойдағыдай жүзеге асырылуда. Жаңа өндірістің әкімшілік-тұрмыстық корпусы бой көтеріп, аяқталуға жақын қалды. Ал зауыт құрылысына қатысты жұмыстардың тең жартысы атқарылды. Өндіріс нысанына дейін теміржол тартылды. Химиялық зауытта өнеркәсіптік реагент шығарылатын болады. Гидрометаллургиялық өнеркәсіп пен түсті және сирек металдар кенін байыту барысында қолданылатын реагент-жинақтағыш ретіндегі кантогенат бұрын сырт елдерден алынатын. Химиялық зауыт іске қосылған кезде осы өнімді жергілікті жерде өндіруге жол ашылмақшы.

Зауыт құрылысының жобасына 2018 жылы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 92 млн теңге несиелік қаржы берілген болатын. Үстіміздегі жылдың мамыр айында «Даму-Өндіріс» бағдарламасы бойынша жобаға тағы 208 млн қаржы бөлуге шешім жасалды. Қаржылай қолдау жасалған соң қазір құрылыс жұмыстары қарқын ала бастады. Зауыт құрылысын толық аяқтап, іске қосу мерзімі – 2020 жылдың қараша айына белгіленіп отыр.

Амандық РАХҰЛЫ

# «100 жаңа оқулық» – ТҮБЕГЕЙЛІ ҚОЗҒАЛЫС

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласында дәрігерлер мен мұғалімдер ғана емес, болашақты түсінетін, заманауи көзқарастарын қалыптастырған мамандардың ауадай қажет екенін де айта кетеді. Бұл – даусыз. Жаһанданған заман өзгерістерінен хабары бар, болашағын нақ бағдарлай алатын, жанашылдықтардан хабары бар, өзі таңдаған саланың «құлағында ойнайтын» мамандар қай қоғамға болмасын, қай уақытта болмасын ауадай қажет-ақ. Осындай мамандарды дайындау үшін, әлемнің үздік оқу құралдарын көз келген ЖОО-да оқитын студентке қолжетімді ету үшін, әлемдік аренадағы ілім мен білімді әр ауылдың колледж студенттері тегін ала алуы үшін «100 жаңа оқулық» жобасы іске асырылып келеді. Психология, менеджмент, кәсіпкерлік, философия және т.с.с. жаңа заман мамандықтарына арналған әлемнің озық оқыту құралдары енді қазақ тілінде сөйлейді. Жоба туралы, жобаның нақты қандай оқулықтарды, қалай аударып жатқандары туралы «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының бас редакторы Мұхтар СЕҢГРБАЙДЫҒЫН [ruh.kz](http://ruh.kz) сайтына берген сұхбатын назарларыңызға ұсынамыз.



олардың түрлі идеологиялық догматтардан ада, бейтарап ғылыми стильде жазылуына мән беріледі. Сондықтан, онда бұрынғы-соңғы түрлі ғылыми тұжырымдар мен көзқарастар айтылады, ешқайсысына басымдық берілмейді. Бұл оқырманның ғылым саласынан жалпы мағлұмат алып, әрі қарай ізденуіне, сыни ойлауына мүмкіндік береді. Елбасы Н.Назарбаев айтқан «Сананың ашықтығы» деген осы болуы керек.

Бағдарлама аясында аударылып жатқан оқулықтардың көбі тиісті ғылым саласындағы терминологияны қалыптастыруға жол ашып жатыр. Сала мамандары, беделді ғалымдар мен білікті филологтар жаңа терминдерді қалыптастыруға көп күш салып жатыр. Бұл жоба біраз кібірткіткен қалған ұлттық терминжасам процесіне қозғау сала алса, бұл да – ұлттың рухани жаңғыруының бір белгісі болса керек.

Біз байқаған үшінші жаңалығы – бұл жоба жалпы қазақ тіліндегі кітап индустриясына, ғылыми-көпшілік аударма ісіне серпін өкпелі жатқан сияқты. Қазірдің өзінде түрлі ғылыми, ғылыми-көпшілік, әдеби және мотивациялық кітаптар шығаруға бет түзген ұйымдар бой көтеріп жатыр. Бұл да болашақта тілдік ортаның сапалы, мазмұнды

болуына, сол арқылы жалпы қазақ тілінің мәртебесін көтеруге сеп болады деп үміттенеміз.

– «Рухани жаңғыру» жобасының іс жүзінде жалпы ұлттық сипат алуы үшін неге көңіл аударуымыз қажет?

– Меніңше, ең алдымен әр азамат бұл жобаны науқашылдық, әлдебір саяси конъюнктураның өтпелі бір бөлігі деп емес, үнемі жүретін, тұрақты, түбегейлі қозғалыс деп түсініп, оны өзінен бастауы керек. Жеке өз түсінігінде рухани жаңғыру – кеңестік өткеннің бәріннен көзсіз бас тарту емес, ХХІ ғасырдың адамына сай талғаммен, сыни көзқарастармен қарап, адамзаттың осы кезге дейінгі жеткен жетістіктерін екішеп пайдалану, оны өзіне, айналаңа, студенттеріңе, отбасыңа тарату. Көп мәселеге басқа ұлттың көзқарасы арқылы қарау, өз тілінді, руханиятыңды қор санау сияқты колониялық сана-сезімнен арылу, маңайыңды да соған шақыру. Бұл – ұлттық үстемдік емес, нағыз либералдық түсінік, яғни қор білмекке ұмтылу, әлемге түрлі көзқарастар тұрғысынан қарау және мұны өз ұлтыңның дүниетанымымен қабыстыра білу.

Жоба қазірдің өзінде жалпыұлттық сипат алды деп ойлаймын.

►► 2-bemte

## Құрметті жезқазғандықтар, спортшылар және спорт саласының ардагерлері!

Сіздерді шын жүректен Спорт күнімен құттықтаймыз! Спорт – адамның физикалық дамуы, оның денсаулығын нығайту. Спорт – бұл жоғары жетістіктер, жеңіс және жаңа рекордтар. Сонымен қатар, спорт халықтың бос уақытын мағыналы өткізуінің және балалар мен жастарды тәрбиелеу процесіндегі маңызды тетіктердің бірі болып табылады.

Біз өзіміздің спорттық дәстүрлерімізді мақтан тұтамыз. Біздің жерлестеріміздің арасында өз жеңістерімен қаламыздың, өңіріміздің және еліміздің даңқын шығарғандар аз емес. Бүгінгі таңда бізде 2 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 8 ҚР спорт шебері, 40 ҚР спорт шеберлігіне үміткер бар, сондай-ақ, 115 спортшы – облыстық, 84 – республикалық, 12-халықаралық жарыстардың жүлдегерлері, 5 Азия чемпионаттарының жеңімпаздары болып табылады.

Бұл күні біз спорт саласын дамытуға үлкен үлес қосып, бүгінде лайықты ізбасарлар дайындау жолында еңбек етіп, өз тәжірибесімен бөлісіп жатқан ардақты ардагерлерімізге зор ризашылығымызды білдіреміз.

Спорт және дене шынықтыру – мемлекеттің ерекше қамқорлығында. Өйткені дені сау және күшті ұлт қана халықаралық аренада бәсекеге қабілетті болуы мүмкін. Бұл орайда Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дене шынықтыру және спортты дамыту тұжырымдамасы қабылданған. Біздің басты міндетіміз – спортты қаланың әрбір тұрғынына, әсіресе, жастарға қолжетімді ету. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Жезқазған қаласында әртүрлі міншік нысанындағы 105 спорт ғимараттары мен объектілері жұмыс істейді, олардың қызметі халыққа спорттық бағытта бос уақыт өткізу қызметтерін көрсетуге, бұқаралық спортты дамытуға және оған балалар мен жастарды тартуға бағытталған. Ағымдағы жылы 320 көрерменге арналған залы мен бассейні бар дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің (ФОК) құрылысы басталды. 3 хоккей корты іске қосылады, сонымен қатар, көше стрит-воркауттарын ашу және есу спорт түрлеріне арналған спорт кешенінің құрылысы жоспарлануда.

**Құрметті спортшылар және спорт саласының ардагерлері!**

Осы бір тамаша мерекеде сіздерге мықты денсаулық, бақ-береке, спорттық ұзақ ғұмыр және Жезқазған мен бүкіл Қазақстанның спорттық даңқын арттыра түсетін жаңа биік жетістіктер тілейміз! Мереке құтты болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ  
Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

## Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!

Сіздерді 2019 жылдың 24 тамызында Ұлытау тауларының бөктерінде өтетін «Жезкиік» фольклорлық ұжымдарының ІІ Халықаралық фестивалін тама-шалауға шақырамыз!

Арнайы автобустар «Алғашқы құрылысшылар алаңы» алдында 24 тамыз күні сағат 11:00-де болады.

Жезқазған қаласының әкімдігі

VI шақырылған Жезқазған қалалық мәслихатының кезекті XXXVII сессиясы 2019 жылдың 26 тамызында әкімдік пен мәслихаттың үлкен залында /10-қабат/ сағат 11.00-де мына күн тәртібімен шақырылады:

1. Қалалық мәслихаттың №30/274 «2019-2021 жылдарға арналған қалалық бюджетті бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
  2. Әр түрлі мәселелер.
- Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиялар отырысы 2019 жылдың 23 тамызында әкімдік пен мәслихаттың ғимаратында сағат 15.00-де өтеді.

Сессия төрағасы Ә.ДОСАНОВ  
Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ



– Жүз жаңа оқулықтың жаңашылығы неде?  
– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2017 жылы жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласынан бастау алған бұл жобаның жаңалығы туралы көп айтылды. Бұл – гуманитарлық білім салаларының ең озық оқулықтары мен ғылыми еңбектерін мемлекеттік тілге аударып, Қазақстанның жоғары оқу орындарына тегін таратып беруді мақсат еткен еліміздегі бірден-бір жоба. Бұл ғылым тілін қазақшалаңдырып қана қоймай, қоғамдағы күрделі мәселелерді кешенді түрде шешуге мүмкіндік береді. Ең алдымен жас өскіндердің өлемдегі көп сұранысқа ие оқулықтарға қол жеткізіп, соның арқасында білім нәрінен сусындауына мүмкіндік береді. Аударылатын кітаптарды таңдауда





ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

«ҚАРАПАЙЫМ ЗАТТАР ЭКОНОМИКАСЫ» – КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбетдиннің төрағалық етуімен Жезқазған-Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданы кәсіпкерлерінің қатысуымен семинар-кеңес өтті. Жиында «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті қолдаудың тетіктері түсіндірілді.

Халық тұтынатын тауарлардың импортын азайтып, отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында елімізде «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы іске қосылды. Биыл бұл мақсатқа 600 млрд теңге бөлінді. Оның 200 млрд-ды агроөнеркәсіп саласына, қалған 400 млрд теңгесі қайта өңдеу мен қызмет көрсету саласына бағытталады. Бағдарлама еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылдың қазан айында жарияланған Жолдауында қамтылған еді, – деп отандық өндірушілерді қаржылай қолдауға негізделген мемлекеттік бағдарламадан аз-кем хабар берген Аманғали Мұхамбетдин сөз кезегін «Аграрлық несиелік компания» АҚ несиелеу бойынша бас маманы Динара Мотышеваға ұсынды. Ол өз кезегінде жобаларды несиелеудің шарттарымен таныстырды.

көрсетілген бағдарламаға қатыса алмайды. Мал басын көбейтуді мақсат тұтқан шаруа қожалықтары үшін мал сатып алуда шектік бағалар белгіленген. Мысалы, шетелден жеткізілетін ірі қараның құны 750 мыңнан аспауы керек. Малдың бағасы әкелінетін еліне қарай өзгеріп отырады. Ал «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ менеджері Қуат Шәріпов несиелендіру «Бизнестің жол картасы – 2020», «Еңбек» нәти-



кәсіпкерлер бұл бағдарламаға қатыса алмайды. Мал басын көбейтуді мақсат тұтқан шаруа қожалықтары үшін мал сатып алуда шектік бағалар белгіленген. Мысалы, шетелден жеткізілетін ірі қараның құны 750 мыңнан аспауы керек. Малдың бағасы әкелінетін еліне қарай өзгеріп отырады.

пауы керек. Малдың бағасы әкелінетін еліне қарай өзгеріп отырады. Ал «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ менеджері Қуат Шәріпов несиелендіру «Бизнестің жол картасы – 2020», «Еңбек» нәти-

желі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалары аясында жүзеге асырылатынын алға тартты. Кәсіпкерлікті бастау немесе дамыту мақсатында рәсімделетін несиелер төмен пайызбен екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылады. Қос бағдарлама жеке кәсіпкерлерге кепілдік ұсынуға жәрдемдеседі. Нақтырақ айтқанда, жұмыс істеп тұрған кәсіпкер несиелер аларда сомаың 50 пайызы көлеміндегі қаражатқа тең келетін кепілдік қоюы шарт. Ал кәсіпкерлікке енді ғана бет бұрғандарда 85 пайыздық кепілдік болуы қажет. Осы ретте «Даму» қоры кәсіпкерлерге өзі кепілдік ұсынады. Одан бөлек «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде алған несиенің 7 пайызын мемлекет субсидия ретінде қайтарыды. Ал «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы несиенің 9 пайызын субсидиялауды қарастырады. Осылайша, жеке кәсіпкерге түсетін ауыртпалық жеңілдейді.

Семинар-кеңесте «Жаға FM» радиостанциясының музыкалық директоры, «Радио НС»-тің заңды өкілі Рустам Жамлиханов аймақ кәсіпкерлеріне радио толқыны арқылы жарнама беруге болатынын айтып, жеңілдіктер ұсынды. Мемлекет тарапынан қолдауға ие болудың жолдарымен таныған аймақ кәсіпкерлері өздерін қызықтырған сұрақтарына нақты жауап алды.

Диана ОРАЗАЛИНА

БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ:

кімге, қандай көмек көрсетіледі?

Мемлекет ауылдық елді-мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға көмек беруге дайын.



Мамандар деп отырғанымыз төмендегі ұйымдар түлектері: 1) жоғарғы білім беру; 2) жоғары оқу орнынан кейінгі білім; 3) техникалық және кәсіптік білім беру; 4) денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандықтары бойынша орта білімнен кейінгі білім беру.



Сонымен қатар, мемлекеттің көмек беруге дайын мамандар қатарына қалаларда және басқа да елді-мекендерде тұратын және ауылдық елді-мекендерге тұруға және жұмыс істеуге ниет білдірген көрсетілген білімдері бар тұлғалар (түлектер ғана емес, Отанымыздың ересек әрі саналы азаматтары) да жатады. Мысалы, Сіз қаладағы кептелістерден шаршаған, әрі ауыл балаларына білім бергісі келген қала мұғалімі болсаңыз, әлеуметтік көмекті ала аласыз. Әлеуметтік көмек шаралары көтерме жәрдемақы (100 АЕК немесе 252 500 теңге) және тұрғын үй сатып алу немесе салуға (сатып алынатын немесе салынатын жылжымайтын мүлікте кепілге қою арқылы) бюджеттік кредит (1500 АЕК-ге дейінгі немесе 3 787 500 теңгеге дейін) түрінде ұсынылады. Мамандарға тұрғын үй сатып алу немесе салуға бюджеттік кредит он бес жыл мерзімге жылдық 0,01% мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесі бойынша ұсынылады.

Ағымдағы жылы көтерме жәрдемақы білім саласының 5 маманына, агроөнеркәсіптік кешен саласының бір маманына, тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит білім саласының 2 маманына ұсынылды. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін өтініш қабылдау мен қызмет нәтижесін беру: жергілікті атқарушы орган «Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ мекенжайы: 100602, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1-каб.413 «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, www.gov4c.kz арқылы жүзеге

Барыша толық ақпаратты Қазақстан Республикасының электронды үкімет порталы немесе «Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің веб-сайтынан алуға болады. Виктория СТАВИЦКАЯ, Жезқазған қаласы экономика және қаржы бөлімінің басшысы

Цифрлы технологиялар елімізде жедел қарқынмен дамуда. Осы ретте Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен әзірленген «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының алар орны ерекше. Онда «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы тек IT саласын ғана емес, отандық ғылымның барлық саласын қамтуға тиіс деген тапсырма да қойылған еді. Цифрлы технологиялар жедел өнген және осы қызметті көп қажет ететін саланың бірі – білім беру саласы. Сондықтан, бүгінде цифрлық технологияларды өңгізу және тәжірибе жүзінде қолдану бағыты бойынша елімізде түрлі білім ұйымдары жұмыс жасайды. Дегенмен, олардың 90%-дан астамы шетел компанияларына тиесілі.

БІЛІМ САЛАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ МАҢЫЗДЫ



«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында білім беру ұйымдарының цифрландыру мақсатында Жезқазған қаласының білім бөлімінде де бірқатар бастамалар жүзеге асуда. Соның негізінде 12 орта білім ошағына, яғни №1, №4, №5, №7, №8, №9, №10, №11, №13, №21, №22, №26 мектептерде 409 млн теңгеге IT-сыныптары ашылды. Сонымен қатар, №2 Кеңір және №15 Малшыбай елді-мекендері мектептерінде жалпы құны 30 млн теңге болатын робот техникасы кабинеті сатып алынды. Қала мектептерінде бұндай сыныптарды ашудың негізгі мақсаты – оқушылардың бәсекеге сай білім алуына мүмкіндік жасау арқылы инновациялық технологиялардың қыр-сырын тереңінен оқыту. Оқушыларға цифрлы технологияларды үйретуде басты маңызды міндетті мұғалім атқарары сөзсіз. Осы мақсатта Қ.Сәтба-

түрде заманауи технологиялармен құрастыра алады. Біздің елімізде құрастырылатын техника зауыттарының барлығында Германия, Қытай мамандары жұмыс істейді. Көп жағдайда біздің орталық ұсынған робот техникасымен айналысатын мамандарды да жұмысқа қабылдамайды. Мысалы, жақында отандық «Талғо» жүрдек пойызын құрастырушы завод басшылары бізден құрастырушы маман сұрады. Біз ең білікті деген робот техник маманды жібемдік. Олар келесі күні хабарласып, басқа маман сұрады. Себебін сұрасақ, олар: «Бізге біліп, үйреніп келген маман керек», – дейді. Ал біздің мемлекетімізде «Талғо» пойызы сынды алпауыт машинаны құрастыруды бірде-бір жоғары оқу орны үйретпейді. Тіпті, Назарбаев университеті де ондай мамандарды даярлауға қауқарсыз. Ал біз робот техникасын оқушыларға бастауыш сыныптан бастап үйретіп, мектеп бағдарламасына қосатын болсақ, ол университет табалдырығында тіптен жоғары дәрежеге көтерілетін болады. Біздің басты мақсатымыз – цифрлы технологияларды жетік меңгерген ақылды жастарды тәрби-

ҚАМҚОРЛЫҚ АЯСЫ КЕҢ

немесе мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай жасалуда



Елімізде халық арасындағы әлсіз топтарға, әсіресе, әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қамқорлық көрсетіп, оларға қоршаған ортада қолайлы жағдай жасау басты назарда. Осы бағытта республика көлемінде бірқатар шаралар жүзеге асырылып, өз нәтижесін беріп жатқаны да бар. Тұрақты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік әлжуас топтарының материалдық жағдайын жақсартуына жәрдемдесу, ардагерлер мен мүгедектердің оңалту жүйесін дамыту, арнайы әлеуметтік қызмет көрсетуде үкіметтік емес ұйымдардың үлесін арттыруды мақсат еткен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүмкіндігі шектеулі адамдарға көдергісіз орта қалыптастыру бағытында атқарған жұмыстары аз емес.



Бүгінде Жезқазған қаласы бойынша мүгедектердің саны – 4378. Оның ішінде I топ мүгедектері – 350, II топ мүгедектері – 2067, III топ мүгедектері – 1599,16 және 18 жасқа дейінгі мүгедек балалардың саны – 362.


құрбандары мен Жеңіс күніне байланысты жүзденген адамға әлеуметтік көмек көрсетілді. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге өтініш берген 18 тұрғынның 15-і толық қамтамасыз етілді. Қарқаралы ауданындағы мүгедектерді оңалту орталығына бару үшін 20 мүгедек өтініші білдіріп, оның 13-і емделуге жіберілді. Атаулы әлеуметтік көмек алуға 2 608 адам немесе 621 отбасы жүгінді. Алты айдың ішінде атаулы 137 165,0 мың теңге көлемінде әлеуметтік көмек төленді. Көмекке мұқтаж үйде оқитын 41 мүгедек балаға 624,3 мың теңге материалдық көмек тағайындалды. Тұрғын үй жәрдемақысы 48 отбасына тағайындалды. Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бойынша бөлімде жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге және мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік көмек көрсететін бөлімшелер жұмыс жасайды. Әлеуметтік қызметкерлер аптасына кемінде екі рет барып көмек көрсетеді. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» шеңберінде де бірқатар ауқымды шаралар атқарылғанына назардан тыс қалдыруға болмас. Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша 2019 жылғы оқыту жоспары 229 адам құрайды. Күні бүгінге дейін 115 қала тұрғыны техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз етілді. Екінші бағыт бойынша 8 адамға 93 800,0 мың теңге көлемінде микрокредит берілді. Үшінші бағыт аясында биыл жұмысқа тұрғызуудың жоспары 2 466 адамды құрады.

Жыл басынан 1 861 адам өтініш білдірсе, оның 1 726-сы жұмыспен қамтылды. Оның ішінде 874-і – 16-29 жас аралығындағы жастар, 82-сі – мүгедектер.

Ақпалы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру бағдарламасы бойынша 349 жұмыссыз екі қолға бір күрек тапты. 90 тұрғын әлеуметтік жұмыс орындарына жолдана алды. Жастар практикасына 30 ұл-қыз қатысты. Жыл басынан жұмыспен қамту орталығы түрмеден босап шыққан және пробация мекемесінде есепте тұрған 46 адамның өтініші бойынша 39 адамды тұрақты жұмысқа орналастырды. 532 адам электронды еңбек биржасы арқылы жұмыс тапты.

Халық арасында бірінші жаптық төлемдер туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстары толығымен жүргізіліп жатыр. Әр адамның әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету қызметін тіркеудің оңайтылған режимін қолдану әдісіне, қалай төлеу керек екендігін түсіндірілуде. 2019 жылға бірінші жаптық төлемдерді төлеудің жоспары 289 адамды құрап отыр. Бүгінгі күні қала бойынша бірінші жаптық төлемдерді төлеген адамдардың саны – 80. «Шаруа» сауда базарының жанынан Жұмыспен қамту бөкесі ашылды. Ашылған күннен бастап 223 адам тегін кеңес алды.

Сәуле ТҰТҚЫШЕВА, Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары



ев атындағы №7 мектеп-лицейде «STEM Academia» компаниясы мектеп директорлары мен педагогтерге «STEAM керуен» шеберлік сабағын өткізді. Оған қала мектептерінің физика, математика, информатика, химия, биология пәнінің мұғалімдері қатысты. Мұғалімдерге «STEM Academia» компаниясының мамандары жасап шығарған «STEM Platform» платформалық компьютерлік бағдарламасын компания директоры Залқарбек Муратлиұлы және Мағжан Қыстаубаев бастаған менеджерлер таныстырды. Бұл платформа бағдарламалау, инженерия, робот техникасы және 3D модельдеу атты төрт бөлімнен тұрады. Бағдарламаның барлық жобасы 1,5 млн теңгені құрайды. Компанияның білім беру саласына ұсынып отырған «STEM Platform» платформасының құны – 900 мың теңге. Платформа негізінде төрт маман даярланады, оқушылар санына шек қойылмайды.

«STEAM керуен» шеберлік сабақтарын өткізу арқылы білім беру саласы дамида. Біз – Қазақстандағы жеке платформаны ойлап шығарған жалғыз отандық компаниямыз. Бұл платформа арқылы мұғалімдер оқушыларға 45 минуттық сабақ бағдарламасын 15 минутта түсіндіруге мүмкіндік алады. Сондай-ақ, мемлекеттік білім беру стандартына сай түрлі сабақ жоспарларын тауып, оны өздері цифрлы

еулеу, – дейді «Болашақ» бағдарламасымен білім алып келген физик Мағжан Қыстаубаев. «STEM Academia» компаниясында 59 өнертапқыш маман жұмыс жасайды. Компания елімізде ұйымдастырылған цифрлы бағдарламалар құрастыру байқауларының бірнеше дүрің жемісін шығарды. Жақында «STEM Academia» компаниясы мамандарының ұйымдастыруымен 5000 топ, 15000 жас қатысқан цифрлық бағдарламалар жасау олимпиадасы, лево құрастырудан 350 топ қатысқан республикалық олимпиада ұйымдастырылды. Күннен-күнге балалардың робот техникасына деген қызығушылығы артып келетінін айтады мамандар. Компания мамандары жасап шығарған французша өлемнің 18 елі қолданады. Сондай-ақ, «STEM Academia» компаниясы еліміздің 16 педагогикалық жоғары оқу орнымен келісім-шартқа отырып, оқытушыларына кәсіпбилікті арттыру курстарын өткізеді. Компания мамандары сыныптарды заманауи үлгіде жабдықтау, дизайн жасау жұмыстарымен де айналысады.

Іс-шара соңында мұғалімдер компания ұсынған түрлі заманауи техникалармен арнайы бағдарламаландырылған ноутбуктер арқылы жұмыстарды өз қолдарымен жасап көруге мүмкіндік алды. Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

Ербол Тілешов – Шайхұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының атқарушы директоры.



– Ербол Ердембекулы, жаңа әліпбиге көшу реформасы қалай жүргізіліп жатыр. Сөзді содан өрбісек...

– Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуін ел өміріндегі тарихи оқиғалардың бірі деп бағалауға болады. Сондықтан бұл бағытта атқарылып отырған жұмыс жетерлік. Біз өткен жылды шартты түрде «емле жылы» деп атадық.

калық сабақ түрінде жүргізілді. Астанамызда 72 сағаттық жүйе негізінде екі апталық оқыту курстары өтуде. Бүгінге дейін тыңдаушылардың жеті легінде шамамен 200-ге жуық адам оқыды.

Осы уақытқа дейін курсақ келгендердің 95 пайызы сертификат алды. Біз оқыту барысында сапаға өте мән береміз. Мұғалімдерге сауалнама жүргізіп, олардың латын графикасына деген пікірлерін сұрап, ұсыныстарын тыңдаймыз.

– Қазір жұртшылық арасында латынша жазуға деген қызығушылық байқалады. Бірақ осыған негіз болатындай көмекші оқу құралдары жарық көрді ме?

жазумен сабақ беретін мұғалімдерге арналған оқу құралы жарық көріп, пайдаланылып жатыр. Алдағы уақытта жалпы жұртшылыққа латын негізді жаңа қазақ әліпбиі мен емле ережені үйренетін әдістемелік оқу құралы жарыққа шығады.

– Жаңа емлеге де байланысты да түрлі пікірлер айтылып қалады. Сіз бұған қалай қарайсыз?

– 1929 жылы Қазақстан Орталық кеңес комитетінің IV сессиясының қаулысымен қазақ тілі латын графикасына көшірілді. Осы кезеңдегі елдің латынға көшу жағдайымен, халықтың білім деңгейімен, көзқарасымен, бүгінгі уақытты салыстыра алмайсыз. Шындығына келгенде, ортақ емле жасау өте қиын.



кеттік тіл мәселесі толық шешілген. Өз ана тілін білмейтін өзербайжан жоқ. Соның өзінде олар төртінші мәрте жаңа емлені қабылдады.

Алдағы жылы қанатқакты жоба ретінде о-дік сыныптар жаңа әліпбимен танысады. 2021 жылы мектеп бағдарының аттаған 1-сынып оқушылары жаңа жазумен оқиды. Бұл балалар бастауыш сыныпты 2024-2025 жылдары аяқтайды.

– Осы жұмыстарды жүргізу барысында қандай да бір түйінделіп қалған мәселелер бар ма?

– Әрине, бар. Қазір кейбір облыстар мен қалаларда тілдерді дамыту басқармалары жабылып немесе басқа басқармаға қосылып жатыр.

Мәселен, Ахандардың көзінде «в» әрпі айтылмады. Вагонды «багон» деп жазды. Қазір осындай үлгіде беруге көпшіліктің жартысы келісіп, жартысы келіспейді.

– Әңгімеңізге рақмет!

«Астана ақшамы»

ТІЛ ТАБИҒАТЫ ЗОРЛЫҚҚА КӨНБЕЙДІ

дарының, ғалымдар мен тіл тағдырына бей-жай қарамайтын жалпы жұртшылықтың әлеуметтік желіде, бұқаралық ақпарат құралдарында айтылған уәжді, дәлелді пікірлер де ескерілді.



Біз бұл жұмыстарды да назардан тыс қалдырып отырған жоқпыз. Билық жаңа әліпбиге қатысты бірнеше көмекші оқу құралдары шығады. Алдымен жаңа әліпби мен жазылатын жарнама мәтіндерінің әдістемелік үлгісін әзірледік.

Мысалы, Ахандардың көзінде «в» әрпі айтылмады. Вагонды «багон» деп жазды. Қазір осындай үлгіде беруге көпшіліктің жартысы келісіп, жартысы келіспейді.

Олардың арасында ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, мектеп мұғалімдері және балабақшалардың тәрбиешілері, БАҚ өкілдері болды. Кездесулер барысында айтылған сын-пікірлерді жинақтай келіп, қараша айында Алматыда орфографиялық жұмыс тобының өкілдерімен және бір мәрте кеңесіп, жұртшылықтың айтқан уәжді пікірлері тағы да талқыланды.

– Оны кім бекітеді?

– Алысқа бармай-ақ, бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған түркі мемлекеттерінің тәжірибесіне жүгінесек, оларда тіл реформасын бекітіп жүзеге асыратын орган – үкімет. Жалпы, әлемдік тәжірибеде жаңа әліпби мен оның емлесін бекітетіндердің 90 пайызы үкіметтің құзырына жатады.

Мақұлдандыған емле ережесі негізінде барлық өңірде білім жетілдіру курстарын бастадық. Әрине, бұл жеңіл жүзеге асатын жұмыс емес. Алдымен оны 72 сағаттық курспен бас қалада өткізуді қолға алдық.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

СОЗАҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЛАДЫҚ



Қазақ хандығының қалыптасып, даму тарихында елеулі орын алған Созақ қаласының орны Қаратаудың теріскей беткейіндегі қазіргі Созақ ауылының жерінде жатыр.

сын сонау біздің дәуірімізге дейінгі III – біздің заманымыздағы IX ғасырлар аралығында гүлденген қала деген пікірге келді.

Қалашықтағы тіршілік XX ғ. 50-жылдарына дейін жалғасқан. Созақ қаласының аты жазба деректерде алғаш рет XIII ғасырдың ортасында армян патшасы Гетумның моңғолдың ұлы ханы Мөңкеге кездесу үшін жасаған сапарымен байланысты аталады.

Созақ қаласы осы аймақтағы басты қалалардың бірі болды. Қала көшпелі, жартылай көшпелі тіршілік кешкен малшылар мен ірі аңыз Мөңкеге кездесу үшін жасаған сапарымен байланысты аталады.

Оңтүстік Қазақстан облысының археологиялық экспедициясы жасаған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Созақ қаласы XIV-XVI ғасырларда гүлденіп тұрған. Ал, археолог-зерттеуші Ермакович аталған қалашықты X-XIX ғасырлардың арасында болған 5 құрылыс қабаттарынан тұрады деп тұжырым жасады.

Ал қаланың нағыз көркейген тұсы Қазақ хандығының құрылғандығымен тығыз байланысты. Археолог Ақышевтің мәліметінше, Созақ қаласы арқылы хандықтың басты қалаларына апаратын Суындық, Ақсүмбе секілді асулар өткен.



тұсында орналасқандығымен маңызды. Қазақ хандығының тірегі ретінде Созақтың маңызды орталық болғандығын көруге болады.

болғандығы тіпті орыс жазбаларында да ұшырасады.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде Созақ ірі бекіністің біріне айналды. Жоңғарлардың жойқын шабуылдарына төтеп беріп жатқан қазақ әскерлерін азық-түлікпен, қару-жарақтармен қамтамасыз етіп отырған. Созақтың ірі қала

Әбілмәмбет ханның тұсында (1743-1745 жж.) Созақ Отырар, Түркістан, Сауран, Өгізтаумен бірге Қазақ хандығының басты орталық қалаларының бірі болғандығы орыс деректерінде айтылады.



қалау арнайы балшық ертіндісінен жасалынған, оны дайындау құпиясы жоғалтылған, бірақ бұл өте мықты материал болғаны сөзсіз, ауа райының қиын жағдайларына қарамастан, сол қалау біздің уақытымызға дейін жетіп, жақсы сақталынған.

Жұбан Ана кесенесі жайындағы алғашқы жазба дерегі 1762 жылы жарияланған П.И. Рычковтың «Топография Оренбургская» еңбегінде табылған. Айта кететін жайт, П.И. Рычков Орталық Қазақстанда ешқашан болмай, ескерткішке сипаттамасын берді.

ЖУБАН АНА КЕСЕНЕСІ



Жұбан ана күмбезі (Жуан әулие күмбезі) – Жаңаарқа ауданындағы 189-разъезден солтүстік-шығысқа қарай 2 км жердегі Сарысу өзенінің оң жағасындағы төбешікте ХІ ғасырда орнатылған архитектуралық ескерткіш.

жасалынған, оны дайындау құпиясы жоғалтылған, бірақ бұл өте мықты материал болғаны сөзсіз, ауа райының қиын жағдайларына қарамастан, сол қалау біздің уақытымызға дейін жетіп, жақсы сақталынған. Кесенеге кіру есігі сүйір доғаның түрінде жасалған және оңтүстік-шығысқа бағытталған.

эспедициясы ескерткішті өлшеп, сурет фиксациясын жасаған. Жұбан ана кесенесіне қатысты бірнеше тарихи аңыз бар. Біріншіден, бұл кесене орта ғасырдан «Әулие мола» ретінде құрметтелген.

КЕЙКІ БАТЫР



Нұрмағанбет Көкембайұлы – 1916 жылғы Ресей патшалығының қазақтан әскерге адам алу туралы жарлығына қарсы көтерілген Торғай қазақтары кесемдерінің бірі. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы белсенді және аңызға айналған тұлға.

Кейкі Батырдың кесенесі 2007 жылы салынды. Ол Тасты өзенінің бойында, Арқалықтан бара жатқанда жолдың сол жағында қалады.

«Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары», «Фолиант» баспасы, Астана – 2017



19.08.2019

06:05 «KoniI toIqyу»... 06:25 «Masele»... 07:00 «TANSHOLPAN»... 09:30 «Мен және менің роботым»...

20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Үздік өңдер топтамасы. 21:00 Итоғи дня. 21:30 «Қарлығаш ұя салғанда»...

18:00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ-2». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»...

21:00 «Адасқан жұмыр». 23:00 «Әзілдер жинағы». 00:00 «Реальные пацаны»...

20.08.2019

06:05 «KoniI toIqyу»... 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN»... 09:30 «Мен және менің роботым»...

20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Үздік өңдер топтамасы. 21:00 Итоғи дня. 21:30 «Қарлығаш ұя салғанда»...

18:00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ-2». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»...

20:00 Инфoрмбюро. 21:00 «Адасқан жұмыр». 23:00 «Әзілдер жинағы»...

21.08.2019

06:05 «KoniI toIqyу»... 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN»... 09:30 «Мен және менің роботым»...

20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Үздік өңдер топтамасы. 21:00 Итоғи дня. 21:30 «Қарлығаш ұя салғанда»...

ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ». 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:30 «ПЕС-3»...

23:00 «Әзілдер жинағы». 00:00 «Реальные пацаны». 01:00 «Үш қыздың құпиясы»...

22.08.2019

06:05 «KoniI toIqyу»... 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN»... 09:30 «Мен және менің роботым»...

20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Үздік өңдер топтамасы. 21:00 Итоғи дня. 21:30 «Қарлығаш ұя салғанда»...

«Аға». 19:30 «Бәсеке 2». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Үздік өңдер топтамасы...

08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Таңғы шоу»...

23.08.2019

06:05 «KoniI toIqyу»... 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN»... 09:30 «Мен және менің роботым»...

16:50 «Ережесіз әңгіме». 17:40 «Фелиция, Сегодия». 18:00 «Қарлығаш ұя салғанда»...

КОНЦЕРТ. 18:00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ-2». 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»...

12:30 «Мехектің өмірі». 14:30 «Тимон и Пумба». 15:00 «Стич»...

24.08.2019

06:05 «Qyзғу екеп...»... 06:50 AQPAPAT. 07:30 «КӨПШІЛІКНІ ГҮЛ ТЕРЕМЕ»...

06:00 «Ұят болмасын». 06:45 «Өмірге ғашықпын»...

06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «KazNet». 07:40 «Әзілстан»...

08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Таңғы шоу»...

25.08.2019

06:05 «Qyзғу екеп...»... 06:50 «Қазқ даласының құпиялары»...

06:00 «Ұят болмасын». 06:45 «Сөзімді қайтпейін»...

06:00 «Ән мен әзіл». 06:30 «KazNet». 07:40 «Әзілстан»...

08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп». 08:35 «Таңғы шоу»...

Хабарлама «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының қоғамдық қабылдауында 2019 жылғы 21 тамызда сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін...

Теректі станциясы тұрғындарының назарына! «Кеңгір селосы өкім аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен 2019 жылдың 16 қыркүйек күні сағат 15:00-де Теректі станциясы мәдениет үйінің ақт залында жергілікті қоғамдастық жиыны өтетінін хабарлаймыз.

САҚТАНСаң, САҚТАЙДЫ! САЯЖАЙДЫ ӨРТ ШАЛМАСЫН ДЕСЕҢІЗ... Жаз мезгілі өртке қарсы қызметкерлері үшін өте қауіпті. Өйткені, саяжай аумақтарында өрт оқиғалары жиі орын алады.

Өрт оқиғаларына сараптау ба-рысы олардың 80 пайызы тұрғын жайларда, азаматтардың жеке меншігіне тиесілі үйлерде, сонымен қатар, саяжайларда болатынын көрсетіп отыр.

Өрт оқиғаларына сараптау ба-рысы олардың 80 пайызы тұрғын жайларда, азаматтардың жеке меншігіне тиесілі үйлерде, сонымен қатар, саяжайларда болатынын көрсетіп отыр.

Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады.

Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады.

Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады.

Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады.

Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады.

Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады.

Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады.

Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады.

Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады.

Саяжай үйшіктеріндегі өрттің көбі телімдерде, саяжай үйшіктерінің кіре берісі мен шатырларында, тұрғын бөлмеге жапсарлас, бір шатырдың астында салынған қора-қопсыларда орын алады.

БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК КСJVКZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. Мәшкі інесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі. Директор – бас редактор Дархан Қабылдаулы МҰХАН. 100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 61/3. • http://saryarka.webpress.kz • E-mail: sa\_jez@mail.ru • whatsapp +7 708 420 19 88

